



Автор: Сайдалинова Лаззат

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Менің отбасым және достарым

Тақырып: Менің отбасым. «Қ» дыбысы мен әрпі.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту 1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту 1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту
Сабақтың мақсаты:	Барлығы:Мәтінді тыңдайды,орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айтады. Кейбірі:Дуысты,дауыссыз дыбыстарды ажырата алады,өз пікірін айтады Жекелеген: Тақырыпқа сай әңгіме құрастырады,өз пікірін айтады,өмірмен байланыстыра алады
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айтады
Бағалау критерийлері:	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	таныстырылым.слайд
Пәнаралық байланыс:	Өнер, ана тілі сабағы
Бастапқы білім:	Қ дыбысы мен әрпі.

Сабақ барысы

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Шаттық шеңбері Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!	
Сабақтың ортасы (27 минут)	Ой қозғау Дыбысдегеніміз не? -Әріпдегеніміз не? -Дыбыстар нешеге бөлінеді? -Дауысты дыбыстар қалай айтылады? -Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады? -Балаларды дыбыстардан не құраймыз? -Буын. -Буыннан не құраймыз? -Сөз. -Сөзден не құраймыз? -Сөйлем. Өткен әріптерді еске түсіріп дауыссыз дауысты дыбыстарға ажырату. Суреттегі заттардың қарама-қарсы сөздерін табу	
Сабақтың соңы (5 минут)	Адасқан буындардан сөз құрастыру	
Рефлексия (3 минут)	Рефлексия Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйін жемістерді себетке салу арқылы білдіреді.	